

Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 қазан N 1540. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 367 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 15.06.2017 № 367 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 16 қазандағы
N 1540 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.06.19 N 675 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.14 N 674 қаулысымен.

3. "Қазақстан Республикасындағы экспорттық бақылау жүйесін жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 желтоқсандағы N 1917 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 54, 541-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясының құрамынан Бауыржан Әлімұлы Мұхамеджанов шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экспорттық бақылау мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының құрамы туралы Ережеде:

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты, импорты және транзиті жөніндегі қаулыларының жобаларын (бұдан әрі - жобалар) Комиссияның жұмыс органы әзірлейді және экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты, импорты және транзиті мәселелері жөніндегі кіші комиссияның мүшелеріне (бұдан әрі - бірінші кіші комиссия) жіберіледі. Бірінші кіші комиссияның мүшелері жобаны алғаннан кейін екі күн ішінде Комиссияның жұмыс органына келісім-хаттар (ескертпелері бар келісім-хаттар, не келісімнен дәлелді бас тарту) жібереді.

Келісімнің мерзімі өткеннен кейін Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне тиісті жобаны енгізеді, бұл ретте жобаларда бірінші кіші комиссия мүшелерінің немесе мемлекеттік органдар басшыларының қолы болуы талап етілмейді.

Жобаға міндетті түрде мыналар қоса беріледі:

түсіндірме жазба;

келісім-хаттар (ескертпелері бар келісімдер, не болмаса келісімнен дәлелді бас тарту).

Ескертпелері бар келісім-хаттар (дәлелді бас тарту) болған жағдайда, Комиссияның жұмыс органы жобаға қоса берілетін келіспеушілік хаттамасын жасайды.

Бірінші кіші комиссия мүшесінен келісім-хат болмаған жағдайда, мұның себептері ілеспе хатта көрсетіледі.

16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорты, импорты және транзиті жөніндегі қаулыларын Үкімет қажет болған жағдайда, олар бірінші кіші комиссия мәжілістерінде қаралғаннан кейін қабылдай алады."

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.12.03 № 1272 (2014.11.21 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.